

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ


ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 08 ж. «04» қараша жүргізілді
№ 513-1900-АҚ (ШБ)
Бастапқы тіркелген күні
1993 ж. «17» мамыр

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды
реттеу және қадағалау агенттігімен

келісілген

Төраға (Төрағаның орынбасары)

«14»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 08 ж. «04» қараша жүргізілді
БСН 930540000147
Бастапқы тіркелген күні
1993 ж. «17» мамыр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 13 ж. «4» сәуір жүргізілді
БСН 930540000147
Бастапқы тіркелген күні
1993 ж. «17» мамыр

«Хоум Кредит Банк» Акционерлік қоғамының 930540000147

ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 09 ж. «15» қыркүйек
Бұрын 1993 ж. «17» мамыр тіркелді
БСН 930540000147

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 10 ж. «27» сәуір
Бұрын 1993 ж. «17» мамыр тіркелді
БСН 930540000147

ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЖӘНЕ ЕНГІЗУЛЕРМЕН
ЖАРАМДЫ
2009 ж. 15 қыркүйекте

Акционерлер жиналысының кезектен тыс
жиналысының шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

10 қыркүйек 2008 ж. хаттама 3/2008

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 09 ж. «15» қыркүйек
Бұрын 1993 ж. «17» мамыр тіркелді
№ 513-1900-АҚ (ШБ)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 10 ж. «27» сәуір
Бұрын 1993 ж. «17» мамыр тіркелді
№ 273-1900-АҚ (ШБ)

ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЖӘНЕ ЕНГІЗУЛЕРМЕН
ЖАРАМДЫ
2010 ж. 27 сәуір

Алматы қ., 2008 жыл

2-ЖАҒЫН
ҚАРА

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Хоум Кредит Банкі» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі "Банк") банк қызметін екінші деңгейдегі банк ретінде шетелдің қатысуымен атқаратын коммерциялық ұйым болып табылады.
- 1.2. Банк қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі "Уәкілетті орган") нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.
- 1.3. Банктің толық атауы:
қазақ тілінде - «Хоум Кредит Банк» Акционерлік Қоғамы;
орыс тілінде - Акционерное общество «Хоум Кредит Банк»;
ағылшын тілінде - Joint Stock Company «Home Credit Bank».
- Банктің қысқарған атауы:
қазақ тілінде - «Хоум Кредит Банк» АҚ;
орыс тілінде - АО «Хоум Кредит Банк»;
ағылшын тілінде - JSC «Home Credit Bank».
- 1.4. Банк заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банк шоты бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала және жүзеге асыра алады, міндет атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. Банктің мөрі, мертаңбасы, бланктері, өз атауы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған эмблемасы жәнеде басқа реквизиттары болады.
- 1.5. Банк өзінің еншілес банктерін, филиалдарын және өкілдіктерін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының қолданып жүрген заңнамасымен белгіленген тәртіппен ашуға құқылы.
- 1.6. Банктің атқарушы органының мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қ., Медеу ауданы, Төлебаев к-сі, 38-үй.
- 1.7. Банк өз қызметін жұмыста және іс қағаздарын жүргізу кезінде мемлекеттік, орыс және ағылшын тілін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және іс жүзіндегі қажеттілік негізінде қолдана отырып жүзеге асырады.
- 1.8. Меншік нысаны – жеке меншік.

2. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

- 2.1. Банк қызметінің негізгі түрі – банк қызметі, ол тиісті лицензия болған жағдайда келесі банк операцияларын жүзеге асыруды қамтиды:
- 1) депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
 - 2) депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
 - 3) банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

- 4) белгілі бір тұлғаға жататын тазартылған бағалы металлдар мен бағалы металлдар тиындарының физикалық көлемін бейнелейтін жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу мен жүргізу;
- 5) кассалық операциялар: осы тармақтың 1), 2), 6), 9), 10 және 11) тармақшаларында көзделген банк операцияларын жүзеге асырған кезде қолма-қол ақшаны алу және беру, оларды ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, буып-түюді және сақтауды қоса алғанда;
- 6) аударым операциялары: төлемдер мен ақша аударымдары бойынша физикалық және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;
- 7) есептік операциялар: заңды және жеке тұлғалар міндеттемелерінің вексельдердің және өзге борыштылық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
- 8) банк заём операциялары: ақылылық, қауырттық және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай кредит беру;
- 9) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- 10) банкноттарды, тиындарды және құндылықтарды инкассалау;
- 11) инкассоға төлем құжаттарын қабылдау (вексельдерді қоспағанда);
- 12) аккредитивтерді ашу (көрсету) және растау және олар бойынша міндеттемелерді орындау;
- 13) ақшалай түрде орындауды көздейтін банк кепілдіктерін беру;
- 14) ақшалай түрде орындауды көздейтін банк кепілгерлігін және үшінші тараптар атынан өзге міндеттемелерді беру.

2.2. Уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда Банк сонымен қатар келесі операцияларды жүзеге асыруға:

- 1) тазартылған, бағалы металлдарды (алтында, күмісті, платинаны, платина тобы металлдарды) кесектерде/құймаларда, бағалы металлдардан жасалған тиындарды сатып алуға, кепілге алуға, есепке алуға, сақтауға және сатуға;
- 2) бағалы металлдар мен асыл тастары бар зергерлік бұйымдарды сатып алуға, кепілге алуға, есепке алуға, сақтауға және сатуға;
- 3) вексельмен операцияларды: инкассоға вексельдерді алуға, төлеушілерге вексельді төлеу қызметін көрсетуге және де домицирленген вексельдерді төлеуге, вексельдерді делдалдық тәртіппен акцептеуге;
- 4) меншікті бағалы қағаздарды шығаруға (акцияларды қоспағанда);
- 5) лизинг қызметін жүзеге асыруға;
- 6) факторингтік операцияларды: төлемеу тәуекелін қабылдаумен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) сатып алушыдан төлем талап ету құқығына ие болуға;
- 7) форфейтингтік операцияларды (форфейтингтеу): сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) сатып алушының борыштылық міндеттемелерін төлеуге;

- 8) сенімгерлік операцияларды: ақшаны басқару және сенім білдірушінің мүддесіне және оның тапсырмасы бойынша ипотекалық заем мен тазартылған бағалы металлдар бойынша талап ету құқығын басқаруға;
- 9) сейф операцияларды: құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызмет көрсетуге, сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және ғимараттарды жалға беруді қоса алғанда, жүзеге асыруға құқылы.

2.3. Банк бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің келесі түрлерін:

- брокерлік қызметті – Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен немесе Уәкілетті органының шешімі бойынша рейтинг агенттіктерінің біреуінің талап ететін ең төменгі рейтингі бар не жоқ мемлекеттердің бағалы қағаздарымен, базалық активтерінің тізілімі мен олардың базалық активтерін сатып алу тәртібі Уәкілетті органдармен белгіленетін туынды бағалы қағаздармен;
- дилерлік қызметті – Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен немесе Уәкілетті органының шешімі бойынша рейтинг агенттіктерінің біреуінің талап ететін ең төменгі рейтингі бар не жоқ мемлекеттердің бағалы қағаздарымен, базалық активтерінің тізілімі мен олардың базалық активтерін сатып алу тәртібі Уәкілетті органдармен белгіленетін туынды бағалы қағаздармен, немесе қолданыстағы заңнамамен белгіленген жағдайларда өзге бағалы қағаздармен;
- кастодиандық қызметті;
- трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Көрсетілген кәсіби қызмет түрлері Уәкілетті органмен берілген лицензия бар кезінде бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырылады.

2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк қызметтің келесі түрлерімен айналысуға:

- банк қызметін және банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін қолданатын мамандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын сатуға;
- банк қызметі туралы арнаулы әдебиетті кез келген ақпаратты жеткізуші түрлерінде сатуға;
- меншікті мүлкін сатуға;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен кепілге салынған мүлкті сатуға;
- қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсету;
- банк қызметімен байланысты өзге тұлғалардың мүдделеріне өкіл болуға, Қазақстан Республикасының секьюритизация туралы заңнамасына сәйкес құрылған қаржылық компанияның облигацияларын ұстаушылардың, инфраструктуралық облигациялардың, сондай-ақ ипотекалық және өзге қамтамасыз етілген облигациялардың өкілі болуға;
- банктік-қаржылық қызмет саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру бойынша оқытуды ұйымдастыруға;

- Қазақстан Республикасының резиденттері - сақтандыру ұйымдары атынан сақтандыру шарттарын жасасуға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорлары атынан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасуға;
- төлем карточкалары мен чек кітапшаларын шығаруға, сатуға және таратуға;
- банкаралық клирингті (төлемдерді жинауды, салыстырып тексеру, сұрыптау және растау, сондай-ақ олардың өзара есепке алуын мен клиринг қатысушыларының – банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың - таза позицияларын айқындауға) жүзеге асыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған өзге түрлерімен айналысуға құқылы.

3. БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Заңды және жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттері және резидент еместері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулерді ескере отырып Банк акционерлері бола алады.

3.2. Банктің акционерлер:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;
- дивидендтер алуға;
- Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Банктің Жарғысымен белгіленген тәртіппен Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;
- Банк тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығы барлығын растайтын көшірме алуға;
- Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлануға кандидатура ұсынуға;
- Банк органдарымен қабылданған шешімдерге сот арқылы дау айтуға;
- Банкке оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Банкке сауал түскен күннен бастап отыз күн ішінде одан дәлелді жауап алуға;
- Банк таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға;
- Банктің оның акцияларына айырбасталатын акцияларын немесе өзге бағалы қағаздарын артықшылықпен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен сатып алуға құқылы.

3.3. 3.2.-тармақта аталған құқықтардан басқа Банктің ірі акционері:

- акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда жиналысты шақыру талабымен сотқа жүгінуге;
- Директорлар кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша мәселелерді қосуды ұсынуға;
- Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

- Банктің аудитын аудиторлық ұйыммен өз есебінен өткізуді талап етуге құқылы.
- 3.4. Банктің акционері:
- акцияларды төлеуге;
 - осы акционерге тиесілі Банктің тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Банк акцияларының ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күні ішінде хабарлауға;
 - Банк не оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.
- 3.5. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері – акционерлеріне қарағанда алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Банк таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.
- 3.6. Артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді, осы Жарғының 3.7 тармағымен белгіленген жағдайларды қоспағанда.
- 3.7. Егер:
- Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы шешімі бойынша артықшылықты акцияларға иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселе қараса. Шектеу қою үшін орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;
 - Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;
 - Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) ай ішінде толық мөлшерде төленбесе, Артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын береді.

4. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ БАНКТИҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

- 4.1. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың акцияларды олардың нақтылы құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес айқындалған орналастырылған бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі. Банктің құрылтайшылары мен акционерлері сатып алынатын акцияларға тек ақшамен төлеуі тиіс.
- 4.2. Банктің жарғылық капиталының көбеюі Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
- 4.3. Акцияларды шығару, орналастыру, айналу шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.
- 4.4. Жай акция дауыс беруге енгізілген барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығы мен акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ банк таратылған жағдайда Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

- 4.5. Банктің жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу Банктің таза табысы есебінен жүзеге асырылады. Бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері акционерлердің жылдық Жалпы жиналысымен белгіленеді. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық қорытынды бойынша дивидендты төлемеу туралы шешімдер қабылдауға құқылы.
- 4.6. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, егер дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен қабылданған болса, Банктің акциялары бойынша дивидендтер Банктің ақшасымен не бағалы қағаздарымен төленеді.
- 4.7. Банк айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі. Қосымша қаржы тарту үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.
- 4.8. Дивидендтер төлеу кезеңділігі және Банктің артықшылықты акциясына дивидендтің мөлшері Банктің артықшылықты акцияларды шығаруы туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған жағдайда осы Жарғымен белгіленеді.

5. БАНК ҚОРЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

- 5.1. Банктің өзіндік капиталы мен резервтік капиталын Уәкілетті органмен белгіленген тәртіппен және мөлшерде қалыптастырады.
- 5.2. Банк қызметін атқаруға байланысты шыққан шығыстардың орнын толтыру мақсатымен Банк Уәкілетті органмен белгіленген резервтік капиталды қалыптастырады. Банктің резервтік капиталын қалыптастыру бойынша талаптар Уәкілетті органмен белгіленеді.
- 5.3. Өзіндік капиталдың ең төменгі мөлшері Уәкілетті органмен белгілінеді.
- 5.4. Активтер мен шартты міндеттемелерді классификациялау тәртібі және оларға қарсы провизияларды құру/жасау Уәкілетті органмен белгілінеді.

6. БАНКТІ БАСҚАРУ

- 6.1. Мыналар Банк органдары болып табылады:

жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы жиналысы;

басқару органы – Директорлар кеңесі;

атқарушы орган – Басқарма;

Ішкі аудит қызметі.

- 6.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп тұруға міндетті.

Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында міндетті түрде:

- Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;

- Банктің аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
- Акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі және Банк Басқармасы мүшелеріне сыйақы беру мөлшері мен олардың құрамы туралы Банк акционерлеріне хабарлайды.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

6.3. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне мына мәселелер жатқызылады:

- Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- Банктің жарияланған акцияларың санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін бекіту, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- Банктің аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- Банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар туындаған кезде Банктің акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- Банк акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда, олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

- Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- Акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Банк жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;
- шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк Жарғысында Акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

6.4. Осы Жарғының 6.3-тармағының екінші-бесінші азат жолында аталған мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Акционерлердің Жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

6.5. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

6.6. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы:

- Директорлар кеңесінің;
- ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

6.7. Банк органдары акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі тиіс.

6.7.1. Ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап Банктің Басқармасы орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге ақпарат болуға тиіс.

Банктің Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдауға және осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тартатыны туралы хабарлама жіберуге міндетті. Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы шақырылған жағдайда Банктің Директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

Банктің Директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімді мынадай жағдайларда қабылдауы мүмкін:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға талап қою тәртібі сақталмаған жағдайда;

- акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуге ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болмаған жағдайда.

Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Банктің тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

- 6.7.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіліп белгіленуге тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Басқарма орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.

- 6.7.3. Акционерлерге алда акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарландыру жіберілуге тиіс. Банктің Жалпы жиналыс өткізу туралы хабарламасының мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген деректерге сәйкес болуға тиіс.

- 6.7.4. Миноритарлық акционер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Банктің тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы.

- 6.7.5. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) Жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды. Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған Жалпы Жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге тиіс. Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

- 6.7.6. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылған мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны қоғам акционерлеріне Жалпы жиналыс өткізілгенге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын немесе Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

- 6.7.7. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің жиналыста өкілдік ететін дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын және Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кем дегенде тоқсан бес процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге немесе толықтыруға болмайды. Акционерлердің Жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес. Күн тәртібінде "әр түрлі", "өзге", "басқалары" деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

- 6.7.8. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті

мәлшерде ақпарат болуға тиіс. Банктің органдарын сайлау мәселелері және акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпарат болуға тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Банктің Басқармасы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауалы болған кезде - сауал алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс; құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

6.7.9. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе,

Акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

- кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
- тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса

Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде Банк алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады. Акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

6.7.10. Акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғадан акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

6.7.11. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жиналысқа өзге адамдар шақырусыз қатыса алады. Акционерлердің Жалпы жиналысында мұндай адамдардың сөз сөйлеу құқығы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

6.7.12. Акционерлердің Жалпы жиналысы акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлайды.

- 6.7.13. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Басқарма мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
- 6.7.14. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер акционерлердің Жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкел соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.
- 6.7.15. Акционерлердің Жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы. Акционерлердің Жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады. Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.
- 6.7.16. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері барлық мәселелер немесе акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің жекелеген мәселелері бойынша сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). Банк акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде Қазақстан Республикасының заңнамасында кезделген мәлімет болуға тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке адам - акционер осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс. Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуға тиіс. Жеке адам - акционердің не заңды тұлға - акционер басшының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.
- 6.7.17. Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі. Егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді бұрын жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.
- 6.7.18. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады.

Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде дауыстарды акционер Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толық беруі немесе ол Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. дауыстар саны ең көп берілген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.

- 6.7.19. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысында дауыс беру жасырын әдіспен жүргізілген жағдайда мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер дауыс беру жасырын тәсілмен жүргізілетін әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл орайда қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мәліметтер болуға тиіс.

Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде өзіне тиесілі акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алу туралы Банкке талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайды қоспағанда, акционер қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

Қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс берушілердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары есепке алынады.

- 6.7.20. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген Жалпы жиналысының барысында жария етіледі. Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

Акционерлерге дауыс беру қорытындылары туралы хабарлау тәртібі осы Жарғымен белгіленеді.

- 6.7.21. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс. Хаттаманың мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген деректерге сәйкес болуға тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына акционерлер Жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы, Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін иеленетін және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюға тиіс. Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі хаттамаға қол қояды.

Банктің дауыс беретін акциялардың он және одан да көп процентін иеленетін және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлер хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда олар бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоядан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоядан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Басқармада сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

- 6.8. Осы Заңда және Банктің Жарғысында акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

- 6.9. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

* Банк қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

- акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу туралы шешім қабылдау;
- Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- Банк Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасын және Басқарма мүшелерін, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Төрағаның және Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы мен сыйақыны телеу талаптарын айқындау;
- Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі еңбекақы және сыйлықақы телеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- аудиторлық ұйымның, сондай-ақ ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүлктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- Банктің басқа заңды тұлғалардың он және одан да артық акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдер қабылдау;
- Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
- Банктің бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;
- Банктің немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- ірі мәмілелер және жасалуына Банк мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

6.10. Жеке адам ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

6.11. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- Акционер – жеке адамдар;
- Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;
- басқа адамдар (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.

6.12. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

6.13. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

6.14. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Банктің Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

6.15. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Директорлар кеңесінің өкілеттігінің қалған мерзіміне сайлайды.

6.16. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді.

6.17. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша, не:

- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- Банктің ішкі аудит қызметінің;
- Банкке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

6.18. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Банктің Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Банктің Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

- 6.19. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.
- 6.20. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болады.
- 6.21. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.
 - 6.21.1. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуға тиіс. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеледі.
 - 6.21.2. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің корпоративті хатшысы қол қоюға тиіс. Хаттаманың мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген деректерге сәйкес болуға тиіс.
 - 6.21.3. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Банктің мұрағатында сақталады.
 - 6.21.4. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге немесе оған хаттама мен шешімнің қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып, қоғамның мері басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.
- 6.22. Банктің атқарушы органы – Басқарма. Басқарманың сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарманың Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың уәкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айақысының мөлшері мен еңбекақысын төлеу мен сыйлықақы беру шарттары Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.23. Басқарма Банктің ағымдағы қызметіне басшылық етеді және Банк қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің осы Жарғысымен Банктің басқа

органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы. Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі өз құқықтарының бір бөлігін Басқарманың құзыретіне беру туралы шешім қабылдай алады, осы органдардың айрықша құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда. Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға және Банктің ағымдағы қызметіне осы органдардың шешіміне, осы Жарғыға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басшылық етуге міндетті.

6.24. Басқарма келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды;
- Директорлар кеңесі мен акционерлердің Жалпы жиналысына қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы белгілеген тәртіппен тапсырады.
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен филиалдар мен Банк өкілдіктерінің бірінші басшыларын тағайындау (сайлау) туралы шешім қабылдайды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға қайшы келмейтін және басқа органдардың немесе Банктің лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге функцияларды жүзеге асырады.

6.25. Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың Банк белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Банк Басқарманың осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

6.26. Банктің акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарманың мүшелері бола алады.

6.27. Басқарманың мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Басқарма Төрағасы атқарушы органның басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

6.28. Басқарма отырысы қажет болған жағдайда Басқарма Төрағасымен немесе оның орнына уақытша отырған адаммен, немесе оның мүшелерінің үштен бір бөлігінің талабы бойынша шақырылады. Отырысында Басқарма мүшелері санының жартысынан кем емес мүшелері қатысса, Басқарма шешім қабылдауға құқылы. Басқарма отырыстары Басқарма Төрағасы немесе оның орнында уақытша отырған адамның төрағалық етуімен өткізіледі. Басқармада қаралатын мәселелерді енгізуге Басқарма Төрағасы, Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесінің Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшелері, Ішкі аудит қызметінің Басшысы немесе Банк акционерлері құқылы. Басқарманың әрбір мүшесінің бір даусы болады.

6.29. Басқарма отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Басқарма Төрағасының немесе Басқарма отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші дауыс болады.

Басқарма шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оларға отырысқа қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қояды.

6.30. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің Жарғысында, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның Банкпен жасасатын жеке еңбек шартынан белгіленеді. Банк атынан Басқарма Төрағасымен жасасатын шартқа Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе

акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі өкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен жасасатын еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

6.31. Басқарма Төрағасы:

- акционерлердің Жалпы жиналысы мен Банк Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- қоғам қызметкерлерін (Басқарма мүшелері болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шаралар мен тәртіптік жазалар қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен Банктің ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті беледі;
- ішкі еңбек тәртіптеме Ережелерін, бөлімдер туралы ережелерді, лауазымдық нұсқаулықтарды, бекітілген бюджетке сәйкес штат кестесін, шарттардың үлгі нысандарын және өзге Банк қызметін ұйымдастыруды реттейтін және Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын ішкі құжаттарды бекітеді.
- Осы Жарғыда және акционерлерінің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

6.32. Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Банкте Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарма құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді. Ішкі аудит қызметінің өкілеттілігі мен функциялары Директорлар кеңесі бекітетін Ішкі аудит қызметі туралы Ережелермен айқындалады.

6.33. Ішкі аудит қызметі кем дегенде үш адамнан тұрады.

6.34. Ішкі аудит қызметінің басшысын Директорлар кеңесі тағайындайды. Ішкі аудит қызметінің басқа мүшелерін Басқарма Төрағасы тағайындайды.

Ішкі аудит қызметін ұйымдастыру үшін жауапкершілік Ішкі аудит қызметінің басшысына жүктеледі

6.35. Ішкі аудит қызметін басшысы:

- Ішкі аудит қызметінің отырыстарын шақырады және онда төрағалық етеді;
- Ішкі аудит қызметі отырыстарының күн тәртібін құрастырады;
- Ішкі аудит қызметі отырыстарының хаттамасын жүргізуді қамтамасыз етеді;

- Ішкі аудит қызметінің хатшысын тағайындайды.

- 6.36. Ішкі аудит қызметінің отырыстары қажетіне қалай шақырылады.
- 6.37. Ішкі аудит қызметінің отырысын шақыру туралы шешімді, оның күні, уақыты, күн тәртібі, қатысуға шақырылған адамдардың тізімі туралы шешімді Ішкі аудит қызметінің басшысы қабылдайды.
- 6.38. Егер Ішкі аудит қызметі мүшелерінің жартысынан кем емес мүшесі отырысқа қатысса, Ішкі аудит қызметінің отырысы құқыққы сай (кворум бар) деп есептеледі. Кворумның болуын Ішкі аудит қызметінің басшысы отырыс ашылған кезде айқындайды.
- 6.39. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылданған кезде Ішкі аудит қызметінің әр мүшесінің бір даусы бар. Ішкі аудит қызметі мүшесі даусын өзге тұлғаларға, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің басқа мүшесіне бере алмайды.
- 6.40. Ішкі аудит қызметінің шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс тең болған кезде Ішкі аудит қызметі басшысының дауысы шешуші болады.
- 6.41. Ішкі аудит қызметі отырысын өткізгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешікпей, Ішкі аудит қызметінің Хатшысы өткізілген отырыстың хаттамасын өзірлейді, оған Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерінің қолы қойылады.
- 6.42. Отырыстың хаттамасына Ішкі аудит қызметі бекіткен материалдар мен құжаттар тігіледі.

7. ҚОҒАМНЫҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ЕҮДҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

- 7.1. Банктің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.
- 7.2. Банк аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Банк тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті.
- 7.3. Банктің аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті Банкке табыс етуге міндетті.
- 7.4. Банк өзінің акционерлерін аффилирленген тұлғалар туралы осындай ақпаратты алғаннан кейін бес күн ішінде жазбаша түрде хабарлайды.
- 7.5. Банктің аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті Банкке табыс етуге міндетті.
- 7.6. Банк өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін Уәкілетті органға белгіленген тәртіппен табыс етуге міндетті.

8. БАНКТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ БАНК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ

- 8.1. Банк акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпаратты Банк өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.

Банк акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпарат:

- акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

- Банктің акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және Уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, Уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- Банктің ірі мәмілелерді және жасалуына Банк мүдделі мәмілелерді жасасуы;
- Банктің өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде Банктің қарыз алуы;
- қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға Банктің лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Банктің бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;
- Банктің заңды тұлға құруға қатысуы;
- Банк мүлкіне тыйым салынуы;
- нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын Банк мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;
- Банктің және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;
- Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
- корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;
- акционерлердің мүдесін қозғайтын өзге ақпарат.

8.2. Банк өзінің акционерлеріне осы Жарғының 8.1.-тармағында көрсетілген ақпаратты тиісті шешім (мәміле жасасу, оқиғаның басталуы) шыққаннан не осындай ақпараттың шыққан күнінен кейін үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабарламалар не электронды пошта арқылы хабарламалар жіберу арқылы жеткізуге міндетті.

Сотта корпоративтік дау туралы іс қозғалғаны туралы ақпарат акционерлерге Банк корпоративтік дау туралы азаматтық іс бойынша сот хабарламасын (шақыруын) алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде берілуі тиіс.

8.3. Банк және оның акционерлері өздерінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануға тиісті хабарламаларын және өзге ақпаратты жариялау үшін қолданатын бұқаралық ақпарат құралдары – "Казахстанская правда", "Начнем с понедельника", "Түркістан" газеттері.

8.4. Банк қызметі туралы ақпарат (осы Жарғының 8.1. –тармағында көрсетілген ақпаратты қоспағанда), сондай-ақ қажетті құжаттардың көшірмелерін алу мақсатымен акционер Банктің Басқармасына жазбаша сұрау салады.

Акционердің сұрауы Банктің кіретін құжаттарын тіркейтін журналда тіркеледі. Банк акционерге сұрау салған ақпаратты (сұрау салған құжаттардың көшірмелерін) сұрау түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті, банк құпиясын құрайтын ақпаратты қоспағанда.

Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Банк Басқармасы белгілейді және ол құжаттардың көшірмесін дайындауға жұмсалған шығыстар құны мен құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы тиіс.

9. БАНК ПЕН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 9.1. Банк өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 9.2. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде ғана жауап береді.
- 9.3. Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Банктің қызметіне байланысты зияндарға тәуекелді, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өз акцияларының құны шегінде ғана көтереді.
- 9.4. Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды, сондай-ақ мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды.
- 9.5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекет органдарының және оның лауазымды тұлғаларының Банк қызметіне кез келген нысанда араласуға тиым салынады.

10. БАНКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 10.1. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Уәкілетті орган рұқсат берген жағдайда жүзеге асырылады.
- 10.2. Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.
- 10.3. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен таратылуы мүмкін:
 - Уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда акционерлердің шешімі бойынша (ерікті тарату);
 - Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша (мәжбүрлеп тарату).
- 10.4. Банкті тарату рәсімі және оның кредит берушілерінің талаптарын қанағаттандыру Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Банк таратылған жағдайда оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 11.1. Барлық мүдделі тұлғалар Банктің осы Жарғысымен танысуға құқылы. Мүдделі адамның талабы бойынша Банк оған Банктің Жарғысымен танысуға мүмкіндік беруге міндетті, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда. Үш жұмыс күні ішінде Банк акционердің Банк Жарғысының көшірмесін беру туралы талабын орындауға міндетті. Банк Жарғының көшірмесін акционерге бергені үшін одан ақы алуға құқылы, ол ақы көшірмені дайындауға кеткен шығыстан, ал қажет болғанда оны жеткізіп бергені үшін алған ақыдан аспауы тиіс.
- 11.2. Басқа осы Жарғымен реттелмеген мәселелерде Банк Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және Уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

11.3. Осы Жарғы мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап заңнамамен белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

Банк Акционерлерінің кезектен тыс жиналысының шешімімен уәкілденген:

«Хоум Кредит Банк»
Акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің мүшесі

Мурат Ментеш (Murat Mentesh)



MURAT MENTESH